**«Қазаэронавигация» РМК-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2022 жылдың 1-жартыжылдығы үшін есебі**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша кәсіпорынның ұйымдық құрылымы 3 Өңірлік орталықтан (Орталық Қазақстан, Оңтүстік-Шығыс, Батыс Қазақстан) және 12 филиалдан (Ақтау, Атырау, Қарағанды, Шымкент, Қостанай, Өскемен, Қызылорда, Жамбыл, Көкшетау, Павлодар, Орал, Петропавл), 17 алыс жердегі орындардан (Талдықорған, Боралдай, Үшарал, Жаркент, Шалқар Қарабұтақ, Бейнеу, Балқаш, Жезқазған, Арқалық, Арал/Жаңа Қазалы, Баянауыл, Үржар, Зайсан, Семей, Аягөз, Түркістан) тұрады. Кәсіпорын құрылымына Алматы қаласында орналасқан Кәсіби дайындау орталығы мен Авиациялық медициналық орталық кіреді.

2022 жылдың 1-жартыжылдығында Кәсіпорын жұмыскерлерінің орташа тізімдік саны 2 649 адамды құрады.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықаралық және транзиттік ұшуларға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері табиғи монополия салаларына жатқызылған.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиациялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Кәсіпорын қызметін бақылау мен реттеуді өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті жүзеге асырады.

## 1. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

2021-2025 жылдар аралығында бекітілген аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша инвестициялық бағдарламаның 2022 жылдың 1- жартыжылдығының есепті кезеңінде орындалуы туралы ақпарат осы есепке 1-қосымшада айтылған.

## 2. Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы

2022 жылдың 1-жартыжылдығында аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінен күтілетін нақты кіріс 1 677 млн.теңгені құрайды,

оның ішінде ӘК аэронавигация қызметінен түсетін кірістер бойынша – 1 071 млн. теңге және ӘМ – 606 млн. теңге (2,3-қосымша).

2011-2021 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде және әуеайлақ маңында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетудің реттеліп көрсетілетін қызметтері шығынды болып табылады.

2022 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша шығындар төмендегідей болады деп күтілуде:

- ӘК-де (- 3 988) млн. теңге;
- ӘМ-де (-1 050) млн.теңге.

Есепті кезеңде тарифтік сметаларда бекітілген көрсеткіштерге шығын баптарының асыра орындалуы да, шығындардың кейбір баптарының орындалмауы да байқалады. Шығындардың жекелеген баптарының орындалмауы жылдық негізде бекітілген тарифтік сметалардағы көрсеткіштердің жылдық негізде бекітілуіне, ал нақты көрсеткіштер 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында күтілетін деректердің негізінде ұсынылуына байланысты.

Сондай-ақ, 2022 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша өндірістік көрсеткіштер тарифтік сметаларда бекітілген жылдық өндірістік көрсеткіштердің ВК бойынша 50% - ға және РА бойынша 53% - ға орындалғанын атап өту қажет. Бұл ретте 2022 жылғы 1 жартыжылдық кезеңде көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің 2021 жылғы осы кезеңге қарағанда шамалы өсуі байқалады.

## 3. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы

Уәкілетті орган Кәсіпорынға реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштерін бекітпеген.

## 4. Табиғи монополиялар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы

Уәкілетті орган Кәсіпорынға қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін бекітпеген.

## 5. Негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштер туралы

2022 жылдың 1-жартыжылдығында Кәсіпорынның кірісі 46 159 млн.теңгені құрады (күтілген деректер), бұл 2021 жылдың 1-жартыжылдығында алынған кіріс деңгейінен 56%-ға немесе 16 603 млн. теңгеге жоғары.

2022 жылдың 1-жартыжылдығында **негізгі қызметтен түскен кіріс** 44 280 млн.теңгені құрады. 2021 жылдың осы кезеңіне қарағанда кіріс 51% немесе 15 019 млн.теңгеге ұлғайған. Негізгі қызметтен түсетін кіріс Ресей

Федерациясының әуе кеңістігінде (Ростов аймағы) әуе кемелерінің ұшуын шектеудің нәтижесінде ұлғайды, бұл әуе қозғалысы ағынының бір бөлігінің Қазақстан Республикасының аумағына ауысуына себеп болды.

2022 жылдың 1-жартыжылдығында **аэронавигациялық қызмет көрсетуден түскен кіріс** 44 168 млн.теңгені құрады. АНҚ-дан түсетін кіріс Кәсіпорынның талданып отырған кезеңдегі жалпы кірісінің 96%-ын құрайды. 2021 жылдың 1-жартыжылдығына қарай АНҚ-дан түскен кіріс 51%-ға немесе 14 985 млн.теңгеге ұлғайды. 2022 жылдың 1-жартыжылдығында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету үшін кірістердің өсуі Ресей Федерациясы әуе кеңістігінің Ростов аймағының жабылуына және әуе қозғалысы ағынының бір бөлігінің Қазақстан Республикасының аумағына ауысуына байланысты.

Кәсіпорынның **шығыстары (корпоративтік табыс салығын қоса алғанда)** 2022 жылдың 1-жартыжылдығында 31 867 млн. теңгені құрады.

## 6. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы

Кәсіпорынның реттеліп көрсетілетін қызметіне мыналар жатады:

- халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету;
- халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.

Аэронавигациялық қызмет көрсетуден алынатын жалпы кірісте талданып отырған кезеңде реттеліп көрсетілетін қызмет 3%-ды құрайды.

Реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша қазақстандық авиакомпаниялар тасымалдарының жалпы көлеміндегі тұрақты ішкі тасымалдардың үлесі (ұшақ-километрмен) айтарлықтай салмақты және 2022 жылдың 1-жартыжылдығында шамамен 93% құрады.

### Реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтерінің көлемі

| Атауы | Өлшем бірл. | 2022 жылдың 1-жартыжылдығы | 2021 жылдың 1-жартыжылдығы | Ауытқу |
|---|---|---|---|---|
| Ұшақ-километр | мың км | 31 466 | 30 855 | 611 |
| Ұшақ - ұшу тоннажы | мың тонна | 1 900 | 1 923 | -23 |
| **АНҚ кірісі барлығы,** оның ішінде | млн. теңге | **1 677** | **1 626** | **51** |
| *- ӘК АНҚ* | млн. теңге | 1 071 | 1 025 | 46 |
| *- ӘМ АНҚ* | млн. теңге | 606 | 601 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **АНҚ шығыстары барлығы**, оның ішінде | млн. теңге | **6 714** | **4 985** | **1 729** |
| - *ӘК АНҚ* | млн. теңге | 5 058 | 3 685 | 1 373 |
| - *ӘМ АНҚ* | млн. теңге | 1 656 | 1 300 | 356 |
| **Пайда (салық салынғанға дейін)** | млн. теңге | **(-5 037)** | **(- 3 359)** | **1 678** |

2022 жылдың 1-жартыжылдығында тұтынушыларға көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі 2021 жылдың осы кезеңіне қарағанда ұшақ километрлері бойынша 1% көтеріліп, ұшақтың ұшып шығу тоннажы бойынша 1%-ға төмендеген.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде және әуеайлақ маңында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетудің реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша кіріс 2022 жылдың 1-жартыжылдығында 2021 жылдың 1-жартыжылдығына қарағанда 1% ұлғайды.

## 7. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы

2022 жылдың 1-жартыжылдығында аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының барлығы 77 авиакомпаниясына (қызметтері өтеусіз негізде көрсетілген авиакомпанияларды қоса алғанда) ұсынылды.

2022 жылдың 1-жартыжылдығында халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде және әуеайлақ маңында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету жөнінде қызметтер көрсетуге Қазақстан Республикасының авиакомпанияларымен 9 шарт жасалды және қайта жасалды.

2022 жылдың 1-жартыжылдығында аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің негізгі тұтынушылары мынадай авиакомпаниялар болды:

«Эйр Астана» АҚ
«SCAT» авиакомпаниясы» АҚ
«Qazaq Air» АҚ
«Comlux-KZ» авиакомпаниясы» ЖШС
«Fly Jet.kz» ЖШС
«Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК
«Евро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» АҚ
«Жезқазған-Эйр» АК» АҚ (ZHEZAIR)
«Южное небо» авиакомпаниясы» АҚ
«Prime Aviation» АҚ
«East Wing» АҚ
«DALA AIR» ЖШС

«Қазавиақұтқару» АҚ

Жоғарғы әуе кеңістігінде және ҚР әуеайлақтары маңында әуе кемелеріне қызмет көрсетуді Кәсіпорын жоғары деңгейде жүзеге асырды.

## 8. Қызметтің перспективалары туралы (даму жоспарлары)

2025 жылға дейінгі Кәсіпорынның даму бағдарламасымен және Аэронавигациялық жүйені дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған жоспарымен ИКАО-ның жаһандық аэронавигациялық жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының аэронавигациялық жүйесін ұйымдастырушылық, экономикалық және техникалық дамытудың негізгі бағыттары айқындалды.

2020-2022 жылдар аралығында Алматы және Нұр-Сұлтан әуеайлақтары бойынша PBN ұшу схемалары енгізіліп, ресімделді және аэронавигациялық ақпарат жинағына қосылды. Сондай-ақ, Ақтау, Атырау, Өскемен, Үшарал, Шымкент әуеайлақтарында сипаттамаларға негізделген (PBN) әуеайлақтық процедураларды одан әрі енгізу жобасы жалғастырылатын болады.

Әуе кеңістігін икемді пайдалану жобасын іске асыру шеңберінде әскери-азаматтық үйлестіру мәселелері бойынша кеңес өткізіліп, ҚР ҚК ӘҚК әуе қозғалысын басқару орталықтарының (ӨО, АО, ҚАО) кезекші ауысымдары мен «Қазаэронавигация» РМК филиалдарының ӘҚҚ қызметтері арасындағы өзара іс-қимыл жөніндегі үлгілік нұсқаулық бекітілді. ұшуды

2025 жылға қарай әуе кеңістігін пайдаланушыларға ұшуды қолайлы траекториялар бойынша орындауға мүмкіндік беретін ҚР әуе кеңістігінде еркін маршруттау принципін (FRA) енгізу жөніндегі жобаны әзірлеу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта әуе кеңістігінің құрылымы ұшу орындалатын бағыттар желісінен тұрады. Авиакомпаниялар жоғарғы әуе кеңістігінде кіру нүктесінен шығу нүктесіне дейін маршруттарды өздері әзірлеуі үшін осы желіден бас тартуы мүмкін. Маршруттарды оңтайландырудың арқасында ұшу уақыты қысқарып, соның нәтижесінде отын үнемделетін болады. Кейіннен әуе кеңістігін икемді пайдалану технологиясын (FUA) енгізу бойынша жұмыстарды жүргізу жоспарда бар.

Белгіленген перспективалық жоспарларды іске асыру ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, Қазақстанның әуе кеңістігінің тартымдылығын арттыруға негіз болады.

1-қосымша

**2022 жылдың қорытындысы бойынша 2021-2025 жылдарға арналған бекітілген инвестициялық жоспарды пайдалану туралы ақпарат**

субъектінің атауы: "Қазаэронавигация" РМК, қызмет түрі: Әуе кеңістігін пайдалануды реттеу

| № п/п | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарлы және нақты көлемі туралы ақпарат | | | | | | Отчет о прибылях и убытках* | Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) сомасы | | | | Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге | | | | Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуының нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат** | | Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламадағы (жобадағы) көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру | Реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) сапасы мен сенімділігінің артуын бағалау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ | Іс-шаралар атауы | Өлшем бірлігі | Заттай көрсеткіштердегі саны | | Инвестициялық бағдарлама (жоба) аясында қызмет көрсету кезеңі | | жоспарлы | нақты | ауытқу | ауытқу себептері | меншікті қаражат | | қарыз қаражаты | бюджет қаражаты | Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қарай іске нақты асыру жылдары бойынша негізгі қорлар тозуының төмендеуі (нақты), % | | | |
| | | | | жоспарлы | нақты | | | | | | | Амортизация | Пайда | | | Өткен жылғы факт | Ағымдағы жылғы факт | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| | ВСЕГО 2022 год | | | | | | | 3 963 455 | 0 | -3 963 455 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | | |
| 1 | Халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету; халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда,әуежайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету. | Аэронавигациялық жүйені дамыту | | | | | | 3 963 455 | 0 | -3 963 455 | | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| 1.1. | | Тірек навигациялық пункттер (ТНП) желісін құру | | | | | | 1 565 011 | 0 | -1 565 011 | | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | Осы бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету сапасы мен сенімділігін арттырады, бұл ұшу қауіпсіздігінің артуына ықпал етеді |
| 1.1.1. | | "Арқалық" тірек навигациялық пунктін дамыту | | | | | | 521 670 | 0 | -521 670 | | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| 1 | | Монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, ADS-B жабдығымен толықтырылған S режимімен жарақтандырылған моноимпульсті екі жақты радиолокаторды сатып алу | | | | | | 521 670 | 0 | -521 670 | | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| *а* | | *Моноимпульсті екі жақты радиолокаторды орнату бойынша құрылыс* | Жұмыс | 1 | | | | *521 670* | *0* | *-521 670* | Жылдың соңына дейін орындау жоспарланған | *0* | *0* | *0* | *0* | | | | |
| 1.1.2. | | "Арал" тірек навигациялық пунктін құру | | | | | | 521 670 | 0 | -521 670 | | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| 1. | | Монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, ADS-B жабдығымен толықтырылған S режимімен жарақтандырылған моноимпульсті екі жақты радиолокаторды сатып алу | | | | | | 521 670 | 0 | -521 670 | | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| *а* | | *Радиолокациялық кешен салу* | Жұмыс | 1 | | | | *521 670* | *0* | *-521 670* | Жылдың соңына дейін орындау жоспарланған | *0* | *0* | *0* | *0* | | | | |
| 1.1.3. | | "Аягөз" тірек навигациялық пунктін дамыту | | | | | | 521 670 | 0 | -521 670 | | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |
| 1. | | Монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, ADS-B жабдығымен толықтырылған S режимімен жарақтандырылған моноимпульсті екі жақты радиолокаторды сатып алу | | | | | | 521 670 | 0 | -521 670 | | 0 | 0 | 0 | 0 | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| а | Халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету; халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда,әуейлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету. | *Радиолокациялық кешен салу* | Жұмыс | 1 | | | | *521 670* | *0* | *-521 670* | Жылдың соңына дейін орындау жоспарланған | *0* | *0* | *0* | *0* | | | | Осы бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету сапасы мен сенімділігін арттырады, бұл ұшу қауіпсіздігінің артуына ықпал етеді |
| 1.2. | | **Навигация және бақылау жүйелерін дамыту** | | | | | | **1 936 494** | **0** | **-1 936 494** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| 1.2.1. | | **Астана - әуежайлақ кешенін дамыту** | | | | | | **521 670** | **0** | **-521 670** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| 1 | | **Монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, ADS-B жабдығымен толықтырылған S режимімен жарақтандырылған моноимпульсті екі жақты радиолокаторды сатып алу** | | | | | | **521 670** | **0** | **-521 670** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| а | | *Астана қаласындағы S режимімен және ADS-B жабдығымен жарақтандырылған моноимпульсті екі жақты радиолокатор. Құрылыс-монтаждау жұмыстары* | Жұмыс | 1 | | | | *521 670* | *0* | *-521 670* | Жылдың соңына дейін орындау жоспарланған | *0* | *0* | *0* | *0* | | | | |
| 1.2.2. | | **Ақтөбе - әуежайлақ кешенін дамыту** | | | | | | **307 920** | **0** | **-307 920** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| 1 | | **Монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, ADS-B жабдығымен толықтырылған S режимімен жарақтандырылған моноимпульсті екі жақты радиолокаторды сатып алу** | | | | | | **307 920** | **0** | **-307 920** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| а | | *Моноимпульсті екі жақты радиолокаторды орнату бойынша құрылыс* | Жұмыс | 1 | | | | *307 920* | *0* | *-307 920* | Жылдың соңына дейін орындау жоспарланған | *0* | *0* | *0* | *0* | | | | |
| 1.2.3. | | **Қостанай - әуежайлақ кешенін дамыту** | | | | | | **1 106 904** | **0** | **-1 106 904** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| 1 | | **ILS ҰҚЖ-33 және ILS ҰҚЖ-15 қондыру жүйесі** | | | | | | **1 106 904** | **0** | **-1 106 904** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| а | | *Қостанай қ. ILS ҰҚЖ-33 және ILS ҰҚЖ-15 қондыру жүйесі. Құрылыс-монтаждау жұмыстары* | Жұмыс | 1 | | | | *1 106 904* | *0* | *-1 106 904* | Жылдың соңына дейін орындау жоспарланған | *0* | *0* | *0* | *0* | | | | |
| 1.3. | | **Авиациялық электр байланысы мен инфокоммуникацияны дамыту** | | | | | | **461 950** | **0** | **-461 950** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| 1.3.1. | | **Телекоммуникация, электр байланысы аэронавигациялық желісі** | | | | | | **461 950** | **0** | **-461 950** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| 1 | | **Қазақстан Республикасының ӨЖЖ диапазонындағы авиациялық әуе радиобайланыс желісін модернизациялау** | | | | | | **461 950** | **0** | **-461 950** | | **0** | **0** | **0** | **0** | | | | |
| а | | *Ақтау филиалының "Бейнеу" алыс деңгейі орны үшін орнату және іске қосу-баптау жұмыстарын қоса алғанда, ӨЖЖ жабдығының жиынтығын сатып алу* | Жиынтық | 1 | | | | *461 950* | *0* | *-461 950* | Жылдың соңына дейін орындау жоспарланған | *0* | *0* | *0* | *0* | | | | |

**Бас директордың міндетін атқарушы** **Ф.Богдашкин**

2-қосымша

**2022 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша 2022 жылға арналған "Қазаэронавигация" РМК халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтеріне бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат**

| № рс | Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы | Өлшем бірлігі | 2022 жылға ӘК-ге бекітілген тарифтік сметада көзделгені | 2022 жылдың 1-жартыжылдығындағы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері | Ауытқуы, %-бен | Ауытқу себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I.** | **Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы** | **мың теңге** | **1 897 109** | **4 569 443** | **241%** | Шығындардың жекелеген баптарының орындалмауы бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштердің жылдық негізде бекітілуіне, ал нақты көрсеткіштер 2022 жылғы бірінші жартыжылдықтың деректері негізінде ұсынылуына байланысты. |
| | оның ішінде | | | | | |
| **1.** | **Материалдық шығындар, қосалқы бөлшектер, барлығы** | | **81 671** | **90 766** | **111%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 1.1. | материалдар, қосалқы бөлшектер | | 9 063 | 27 099 | 299% | |
| 1.2. | отын | | 30 162 | 27 567 | 91% | |
| 1.3. | электр энергиясы | | 42 446 | 36 100 | 85% | |
| **2.** | **Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы** | | **1 036 808** | **1 504 211** | **145%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 2.1. | жалақы | | 943 411 | 1 341 090 | 142% | |
| 2.2. | әлеуметтік салық | | 93 397 | 163 121 | 175% | |
| **3.** | **Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы** | | **463 745** | **949 026** | **205%** | |
| **4.** | **Жөндеу, барлығы** | | **15 394** | **2 749** | **18%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 4.1. | негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу | | 15 394 | 2 749 | 18% | |
| **5.** | **Өзге шығындар, барлығы** | | **299 491** | **2 022 692** | **675%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 5.1. | байланыс қызметі | | 27 761 | 61 603 | 222% | |
| 5.2. | іссапар шығыстары | | 33 077 | 39 801 | 120% | |
| 5.3. | кадрларды даярлау | | 30 160 | 2 024 | 7% | |
| 5.4. | басқа да шығыстар | | 208 493 | 1 919 264 | 921% | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 5.4.1. | жабдыққа техникалық қызмет көрсету | | 152 688 | 980 151 | 642% | |
| 5.4.2. | ғимараттар, құрылыстарды күтіп ұстау | | 6 786 | 5 091 | 75% | |
| 5.4.3. | РТО ұшулары | | 30 344 | 80 455 | 265% | |
| 5.4.4. | ведомстволық күзет шығындары | | 1 930 | 13 434 | 696% | |
| 5.4.5. | медициналық тексеріс | | 3 824 | 4 173 | 109% | |
| 5.4.6. | еңбекті қорғау | | 3 110 | 6 211 | 200% | |
| 5.4.7. | Жалпы шаруашылық шығыстар | | 9 811 | 829 749 | 8457% | |
| **II.** | **Кезең шығыстары, барлығы** | **тыс. тенге** | **242 055** | **489 000** | **202%** | |
| 6. | **Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы** | | **242 055** | **489 000** | **202%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 6.1. | әкімшілік персоналдың жалақысы | | 161 089 | 134 194 | 83% | |
| 6.2. | әлеуметтік салық | | 15 948 | 14 338 | 90% | |
| 6.3. | банк қызметтері | | 1 780 | 600 | 34% | |
| 6.4. | негізгі құралдар және материалдық емес активтердің амортизациясы | | 16 428 | 142 102 | 865% | |
| 6.5. | коммуналдық қызметтер | | 1 188 | 990 | 83% | |
| 6.6. | бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер | | 1 251 | 541 | 43% | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 6.6.1. | аудиторлық қызметтер | | 917 | 0 | 0% | |
| 6.6.2. | ақпараттық қызметтер | | 334 | 541 | 162% | |
| 6.7. | салықтар | | 23 887 | 57 972 | 243% | |
| 6.8. | басқа да шығыстар | | 20 482 | 138 265 | 675% | |
| 6.8.1. | қосалқы бөлшектер, материалдар | | 808 | 339 | 42% | |
| 6.8.2. | отын | | 592 | 2 297 | 388% | |
| 6.8.3. | электр энергиясы | | 779 | 265 | 34% | |
| 6.8.4. | жөндеу қоры | | 167 | 122 | 73% | |
| 6.8.5. | жабдыққа техникалық қызмет көрсету | | 238 | 5 043 | 2119% | |
| 6.8.6. | еңбекті қорғау | | 144 | 140 | 97% | |
| 6.8.7. | кеңсе шығыстары | | 3 454 | 619 | 18% | |
| 6.8.8. | байланыс қызметі | | 3 922 | 16 778 | 428% | |
| 6.8.9. | сақтандыру шығындары | | 6 788 | 61 646 | 908% | |
| 6.8.10. | жалпы шаруашылық шығыстар | | 3 591 | 51 017 | 1421% | |
| **III** | **Барлық шығыстар** | | **2 139 164** | **5 058 444** | **236%** | |
| **IV** | **Барлық кірістер, оның ішінде** | | **2 139 164** | **1 070 788** | **50%** | |
| | **ӘК АНҚ қызметтерінен** | | *2 139 164* | *1 070 788* | 50% | |
| **V** | **Көрсетілген қызметтердің көлемі** | **ұш/км** | **66 663 035** | **31 465 617** | **47%** | |

**Бас директордың міндетін атқарушы** **Ф. Богдашкин**

3-Қосымша

**2022 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша 2022 жылға арналған "Қазаэронавигация" РМК халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтеріне бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат**

| № рс | Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы | Өлшем бірлігі | 2022 жылға ӘМ-ге бекітілген тарифтік сметада көзделгені | 2022 жылдың 1-жартыжылдығындағы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері | Ауытқуы, %-бен | Ауытқу себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I.** | **Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы** | **тыс. тенге** | **1 114 783** | **1 605 200** | **144%** | Шығындардың жекелеген баптарының орындалмауы бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштердің жылдық негізде бекітілуіне, ал нақты көрсеткіштер 2022 жылғы бірінші жартыжылдықтың деректері негізінде ұсынылуына байланысты. |
| | оның ішінде | | | | | |
| **1.** | **Материалдық шығындар, қосалқы бөлшектер қоры, барлығы** | | **45 695** | **72 405** | **158%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 1.1. | материалдар, қосалқы бөлшектер | | 3 857 | 16 164 | 419% | |
| 1.2. | отын | | 11 903 | 24 421 | 205% | |
| 1.3. | электр энергиясы | | 29 935 | 31 819 | 106% | |
| **2.** | **Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы** | | **498 464** | **677 198** | **136%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 2.1. | жалақы | | 453 562 | 603 390 | 133% | |
| 2.2. | әлеуметтік салық | | 44 902 | 73 808 | 164% | |
| **3.** | **Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы** | | **436 109** | **646 475** | **148%** | |
| **4.** | **Жөндеу, барлығы** | | **4 340** | **2 830** | **65%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 4.1. | негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу | | 4 340 | 2 830 | 65% | |
| **5.** | **Өзге шығындар, барлығы** | | **130 175** | **206 292** | **158%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 5.1. | байланыс қызметі | | 5 990 | 4 768 | 80% | |
| 5.2. | іссапар шығыстары | | 22 338 | 23 381 | 105% | |
| 5.3. | кадрларды даярлау | | 1 096 | 185 | 17% | |
| 5.4. | басқа да шығыстар | | 100 750 | 177 957 | 177% | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 5.4.1. | құралға техникалық қызмет көрсету | | 69 153 | 81 057 | 117% | |
| 5.4.2. | ғимараттар, құрылыстарды қамтамасыз ету | | 2 293 | 2 267 | 99% | |
| 5.4.3. | РТО ұшулары | | 19 388 | 6 080 | 31% | |
| 5.4.6. | ведомстволық күзет шығындары | | 215 | 9 174 | 4267% | |
| 5.4.7. | медициналық тексеріс | | 3 943 | 4 588 | 116% | |
| 5.4.8. | еңбекті қорғау | | 2 130 | 4 801 | 225% | |
| 5.4.9. | Жалпы шаруашылық шығыстар | | 3 629 | 69 990 | 1929% | |
| **II.** | **Кезең шығыстары, барлығы** | **тыс. тенге** | **22 435** | **51 169** | **228%** | |
| **6.** | **Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы** | | **22 435** | **51 169** | **228%** | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 6.1. | әкімшілік персоналдың жалақысы | | 8 591 | 10 141 | 118% | |
| 6.2. | әлеуметтік салық | | 850 | 1 084 | 127% | |
| 6.3. | банк қызметтері | | 104 | 45 | 44% | |
| 6.4. | Негізгі құралдар және материалдық емес активтердің амортизациясы | | 4 372 | 14 227 | 325% | |
| 6.5. | коммуналдық қызметтер | | 77 | 79 | 102% | |
| 6.6. | бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер | | 67 | 41 | 61% | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 6.6.1. | аудиторлық қызметтер | | 48 | 0 | 0% | |
| 6.6.2. | ақпараттық қызметтер | | 19 | 41 | 215% | |
| 6.7. | салықтар | | 6 737 | 13 763 | 204% | |
| 6.8. | басқа да шығыстар | | 1 638 | 11 789 | 720% | |
| | оның ішінде: | | | | | |
| 6.8.1. | қосалқы бөлшектер, материалдар | | 61 | 28 | 46% | |
| 6.8.2. | отын | | 46 | 174 | 377% | |
| 6.8.3. | электр энергиясы | | 124 | 25 | 20% | |
| 6.8.4. | жөндеу қоры | | 9 | 9 | 102% | |
| 6.8.5. | құралға техникалық қызмет көрсету | | 12 | 381 | 3176% | |
| 6.8.6. | еңбекті қорғау | | 8 | 11 | 132% | |
| 6.8.7. | кеңсе шығыстары | | 303 | 135 | 45% | |
| 6.8.8. | байланыс қызметі | | 295 | 1 268 | 430% | |
| 6.8.9. | сақтандыру шығындары | | 511 | 5 842 | 1143% | |
| 6.8.10. | жалпы шаруашылық шығыстар | | 270 | 3 917 | 1451% | |
| **III** | **Барлық шығыстар** | | **1 137 218** | **1 656 369** | **146%** | |
| **IV** | **Барлық кірістер, оның ішінде** | | **1 137 218** | **606 063** | **53%** | |
| | *ӘМ АНҚ қызметтерінен* | | *1 137 218* | *606 063* | 53% | |
| **V** | **Көрсетілген қызметтердің көлемі** | **тонна** | **3 560 866** | **1 899 883** | **53%** | |

**Бас директордың міндетін атқарушы** **Ф. Богдашкин**